

**«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені**

**«Ертөстік» ересек тобының 2021-2022  
оқу жылының жылдық есебі**

**Тәрбиеші: Бітімбай М.М**

**2021-2022 ж.ж**

## *«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені*

Оқу жылының басында 25 бала қабылданды. Олардың ішінде 15 ұл бала, 10 қыз бала қабылданды. Оқу жылының басынан топты Бітімбай Мөлдір Маралбекқызы қабылдап алды.

**Тәрбиеші: Бітімбай М**

**Еңбек өтілі: 4 жыл**

**Білімі: Жоғары білімді**

### **Балалармен өткізілген іс-шаралар**

Балабақша оқу тәрбиелеу жұмысы жоспар бойынша жүргізілді.

3-қыркүйек **«1-Қыркүйек Білім күні»** атты тақырыптық танымдық іс-шаралар мерекелік концерт өткізілді.

Қазан, ақпан айында **«Өрт қауіпсіздігі»** туралы оқу қызметі өткізілді. Балаларға отпен айнауға болмайтынын айтты. Өрт-тілсіз жау деген мақаланы кеңінен айтып түсіндірді. Жақсы деп бағалады.

Балалар тақпақтар, өлеңдер, мақал-мәтелдер айтты. Жақсы деп бағаланды.

Қараша айының 10-ші жұлдызы күні **«Күзгі орманда»** атты ертеңгілік өткізілді. Балалар ертеңгілікке сай киінген. Ертеңгілікке күз ханшайымы қонаққа келді. Балалар күз мезгілі туралы тақпақтар айтты. Балалар би билеп, ән айтты. Жақсы деп бағалады.

Қараша айында жоспар бойынша барлық тәрбиешілерде ашық ҰОҚ өткізілді.

Қарашаның 30 күні **«Қызықты математика»** тақырыбында балалармен Жеміс бағына саяхат жасау бойынша өтті. Екінші ашық ҰОҚ сәуір айының 17 күні **«Қызықты сауат ашу»** тақырыбында өтті.

Желтоқсан айында **«Тәуелсіздік-ел тірегі»** тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Бұл тәрбие сағатында балаларға тәрбиеші Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаев туралы айтты. Жақсы деп бағалады.

Желтоқсан айының 22-ші жұлдызы күні **«Қош келдің Жаңа жыл»** атты карнавал кеші өткізілді. Балалар ертеңгілікке жануарлардың кейіпінде киініп келді. Ертеңгілікке аяз ата мен ақша қар, қу түлкі, қоян, қонаққа келді. Балалар келген қонақтармен ойын ойнап, тақпақ айтып, би билеп, ән айтты. Аяз атадан балалар сыйлықтар алды. Жақсы деп бағаланды.

Ақпан айының 8-ші жұлдызы күні.. Шығармашылық білім беру сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде **«Шебер қолдар»** атты көрме ұйымдастырылды.

Наурыз 8 күні Аналар мерекесіне орай **«Ана өмір шуағы»** атты мерекелік ертеңгілік өтті.

Балалар аналарына арнап, ән шырқап, би биледі, балалар **«Аяулы әжетай»** әні, **«Қасық»**, **«Көбелектер»** биі көпшіліктің көңілінен шықты.

Наурыздың 28 күні наурыз мерекесіне орай **«Армысың әз-Наурыз»** атты мерекелік тәрбие сағаты өтті. Іс шара барысында балалар ән шырқап, тақпақ айтты, көрініс қойылды.

Балабақша ұжымы мен ата-аналардың ұйымдастыруымен наурыз көже істеліп, қазақтың ұлттық тағамдарымен ақдастырхан жайылды. Екінші ашық ҰОҚ сәуір айының 17 күні «**Қызықты сауат ашу**» тақырыбында өтті. Балалар көктем мезгілі жайлы мақал-мәтелдер, тақпақтар, жаңылтпаштар айтты. Мамыр айының 4 жұлдызы күні. «**Ұлы жеңіске 77-жыл**» атты тотардың қатысуымен ертеңгілік өткізілді.

### **Біліктілікті арттыру**

«**Ұстаз Республикалық сайыт әдістемелік мақаланы ұсыну**» басқару және оқу тәрбие жұмысы ғылыми әдістемелік журналына «Балаларды» тақырыбында ҰОҚ мақаласы жарияланды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы. 3 жас пен 6 жас аралығында балаларға арналған Монтессори педагогикасы атты семинарда 8 сағат көлемінде білім алды, сертификаты берілді.

### **Өзара тәжірибе алмасу**

11 сәуір айында қатынас саласы бойынша **Артикова Г** ашық ҰОҚ өткізілді. Тақырыбы: «**Математика әлеміне саяхат**» Мақсатты: Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, 1-ден 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санауға дағдыландыру. Математикалық есептерді игере білуге, сандармен заттарды топтастыра білуге үйрету.

Сәуір айында бүкіл топтар арасында ашық ҰОҚ ұйымдастырылды. Ортаңғы топта **Сапарбекова Н** «Жемістер мен көкөністер» атты ашық ҰОҚ өте жоғары деңгейде өтті. Мақсатты: Жемістер мен көкөністерге түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту.

19-ші сәуір күні **Нәдір Н.** Тақырыбы: «**Қосамын және азайтамын**» атты ашық ҰОҚ өткізді. Мақсаты: Өткен тақырып бойынша білімдерін кеңейту. Балалардың ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, логикалық ойлау қабілетін дамыту.







ГƏРБУЕШИЛƏР КҮНИМƏН  
ДЕНЬ ВОСПИТАТЕЛЯ







БІЗ МЕРТЕДІКЕ - БАРАМЫЗ

Қызықты  
математика

Алфавит таблицасы:

Dd	Ee	Gg
Ii	Jj	Kk
Nn	Oo	Oo
Ss	Sh sh	Cc
Vv	Yy	Yy

М ТЕМАТИКА

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	+	-
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	=	>
1	2	3	4	5							
6	7	8	9	10							











M. TEMATIKA

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	+	-
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	<	>
1	2	3	4	5							
6	7	8	9	10							





























